

Қазақстан Республикасының экономика салалары бойынша жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін ақы есептеу, алу мен енгізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1227. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.29. N 374 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес, су ресурстарын өндіру мен сақтауды қаржыландыру жүйесін құру, суды ұтымды пайдалануды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының экономика салалары бойынша жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін ақы есептеу, алу мен енгізудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін ақы төлеу ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігі меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен басқа да заңды тұлғаларға арналған ведомстволық статистикалық есептілік нысандарын:

су пайдалану туралы есепті (2ТП-су шаруашылығы);

су ресурстары үшін төлемдер туралы есепті бекітсін.

4. "Жер үсті және жер асты көздерінен алынатын су ресурстары

үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1744 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 513-құжат) күші жойылған деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары бұрын қабылдаған нормативтік құқықтық актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 7 тамыздағы

№ 1227 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының экономика салалары бойынша

жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін

төлем есептеу, алу мен енгізудің тәртібі туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже экономика салалары бойынша жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану үшін төлем есептеу, алу мен енгізудің және осы қаражатты пайдаланудың тәртібін белгілейді.

2. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем жер беті көздерінен олардан суды алып немесе алмай арнайы су пайдаланудың барлық түріне белгіленеді.

3. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем енгізудің мақсаты су ресурстарын өндіру мен сақтауға кететін шығыстарды өтеу, суды ұтымды пайдалануды экономикалық ынталандыруды, су ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ету, сулардың қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерін азайту болып табылады.

4. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдар, өнеркәсіп (жылу энергетикасын қоса алғанда), ауыл және балық шаруашылығы, гидроэнергетика және су көлігі үшін енгізіліп отыр.

5. Жер үсті көздерінен алынатын су ресурстарын пайдалану үшін төлем ставкалары республикадағы экономикалық жағдай мен су шаруашылығы ахуалының өзгеруін есепке ала отырып қажеттілігіне қарай су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша мүдделі министрліктермен, ведомстволармен келісе отырып Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленеді.

II. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем есептеудің тәртібі

6. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем су пайдаланушыларға арналған ставкалар бойынша есептеледі.

Су пайдаланушыларға: тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдар, өнеркәсіп орындары (жылу энергетикасын қоса алғанда), ауыл шаруашылығы*, балық шаруашылығы**, гидроэнергетика, су көлігі*** жатады.

Ескерту: Ауыл шаруашылығына суды ауыл шаруашылығы өнімін

өндіру үшін пайдаланатын су тұтынушылар жатады.
Балық шаруашылығы су пайдаланушылардың екі түріне
бөлінеді: су көздерінен су алатын тоған
шаруашылықтары және су айдау және суды реттейтін
құрылғылары бар су көздерінде балық аулайтын
тұтынушылар.
Су көлігі - су айдау және суды реттейтін
құрылғылары бар су көздерінде жүк тасымалдау

Су ресурстарын пайдалану үшін төлем-көлікпен тартпай ағаш ағызуға,
рекреацияға, жер қазу техникасын қолдануға, батпақ құрғатуға, су ресурстарын
жекелеген азаматтарға бекітпей және судың жай-күйі әсер ететін құрылғылар
мен техникалық құрылғыларды пайдаланбай жүзеге асырылатын ортақ су
пайдалануға тарамайды.

7. Өнеркәсіп орындары өндірістік мұқтаждар үшін су шаруашылығы
жүйелерінен алынатын су үшін бұл судың тікелей су шаруашылығы жүйелерінен
, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсететін басқа өнеркәсіп
орындарынан немесе ұйымдарынан келетініне қарамастан төлем жасайды.

Жылу энергетикасы кәсіпорындары тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық
мұқтаждар үшін жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын су үшін төлемді тұрғын
үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдар үшін көзделген
ставкалар бойынша жүзеге асырады.

Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдар жер
үсті көздерінен алынатын су үшін төлемді бюджетке өнеркәсіп орындарына
берілетін судың көлемін шегере отырып, енгізеді.

8. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем сомаларын есептеуді су
пайдаланушылар олардың орналасқан жері бойынша, белгіленген ставка мен
алынатын судың көлеміне қарай, әрбір өткен ай үшін су ресурстарын басқару
жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен келісе отырып жүргізеді және олар
су тұтынушы объекті орналасқан жердегі салық органына келесі айдың 15-күні
ұсынады. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем сомасы жөніндегі есептерді
мерзімінде ұсынбағаны үшін су пайдаланушылар қолданылып жүрген заңдарға
сәйкес әкімшілік жауаптылықта болады.

9. Су алу лимиті арнайы су пайдалануға арналған рұқсатпен анықталады және
оны су шаруашылығы жағдайына қарай су ресурстарын басқару жөніндегі
мемлекеттік орган реттеп отырады.

III. Су ресурстарын пайдалану үшін төлемді алу мен
енгізудің тәртібі

10. Су ресурстарын пайдалану үшін төлемдер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төлемнен босатылатындардан басқа Қазақстан Республикасының аумағындағы су пайдаланушылардан, заңды және жеке тұлғалардан (шетелдіктерін қоса алғанда) алынады.

11. Су ресурстарын пайдалану үшін төлемдер ай сайын, келесі айдың 20-күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Енгізілген төлем сомасы салық салынатын табысты айқындау кезінде шегерілуге жатады.

12. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерге түседі.

IV. Су алуға және су ресурстарын пайдалану үшін төлемнің түсуіне бақылау

13. Су алу есебінің және төлем сомаларын есептеудің дұрыстығын тексеру мен оларға бақылау жасауды су ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдар мен Қазақстан Республикасының салық қызметі органдарының қызметкерлері жүргізеді, олар су алудың белгіленген лимитінің сақталуын, төлем есептеудің тәртібі мен бастапқы деректердің техникалық негізділігін актілер мен ұйғарымдар түрінде ресімдей отырып тоқсанына кемінде бір рет тексеріп отырады.

V. Су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

14. Су пайдаланушылар:

лауазымды адамдардың су ресурстарын пайдалану үшін төлемді есептеу пен алу кезінде жол берілген заңсыз әрекеттеріне бағыныстылық тәртібіне қарай жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға шағымдануға құқылы. Жоғары тұрған мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның шешімімен келіспеген жағдайда су пайдаланушылардың белгіленген тәртіппен сот органдарына жүгінуге құқығы бар;

су пайдалану туралы жылдық есепті (2ТП - су шаруашылығы) нысаны бойынша су ресурстарын басқарудың уәкілетті және мемлекеттік органдарына және статистикалық есептілікпен су ресурстары үшін төлемдер туралы тоқсандық есептерді - қаржы органдарына, су ресурстарын басқару және статистикалық есептілік органдарына ұсынуға міндетті;

су ресурстарын пайдалану үшін төлемдердің бюджет дұрыс және уақтылы

енгізілуіне

жауап

береді.

VI. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем алудан түсетін
қаражатты пайдалану

15. Су ресурстарын пайдалану үшін төлем алудан түскен қаражатты пайдалану Қазақстан Республикасы Су кодексінің 48-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1997 жылғы
7 тамыздағы
N 1227 қаулысына
қосымша

Жер беті көздерінің су ресурстарын пайдалану

үшін төлем ставкалары

Рет	Су пайдаланушылар
N	Өзен бассейндері _____
	тұрғын жылу ауыл балық шаруа. гид. су
	үй-пай. энер. шаруа шылығы ро. көлі.
	далану гети. шылы. _____ энер. гі
	және касын ғы* су су гети. тиын/
	комму. қоса тиын/ көзде. көзде. ка т.км
	налдық ал. текше рінен рінде тиын/
	қызмет ғанда метр су балық кВт.
	көрсе. өнер. алуды аулай. сағ
	тетін кәсіп жүзе. тын
	ұйымдар тиын/ ге тұты.
	мен текше асыра. нушы.
	кәсіп. метр тын лар
	орындар тоған теңге/

		тиын/		шаруа.т				
		текше		шылық.				
		метр		тары				
				тиын/				
				текше				
				метр				
1	Сырдария өзенінің бассейні	3,88	10,93	3,02	3,02	77,24	1,15	0,43
2	Балқаш және Алакөл өзендері мен көлдерінің бассейні	3,45	9,49	2,73	2,59	67,74	1,01	0,29
3	Ертіс өзенінің бассейні	3,74	10,79	3,02	3,02	76,37	1,15	0,43
4	Есіл өзенінің бассейні	3,60	10,07	2,88	2,88	72,35	1,01	0,29
5	Нұра, Сарысу, Кеңгір және басқа өзендердің бассейндері	4,03	11,51	3,31	3,16	81,69	-	-
6	Торғай, Ырғыз, Тобыл және басқа өзендердің бассейні	3,60	10,36	2,88	2,88	73,64	-	-
7	Орал, Ойыл, Сағыз, Ембі, Жайық, Үлкен және Кіші Өзен өзендердің бассейні	4,31	12,23	3,45	3,31	86,73	-	0,43
8	Шу, Талас және Ассы өзендерінің бассейні	4,03	11,36	3,31	3,16	82,55	1,15	-

Ескерту:

Ауыл шаруашылығы үшін су ресурстары үшін төлем
1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК